

МКҚК «Бөбек»бөбекжай» балабақшасы «Көгершін» аралас тобының

2025-2026 жылғы жылдық есебі.

2025-2026 жылғы оқу жылында «Көгершін»аралас тобында жылдың басында 30 тәрбиеленуші болды. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісі Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып оқу жылының басында мақсат-міндеттер айқындалып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен ересек тобы мен мектепалды аралас тобы 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқаулық хат негізге алынып, ұйымдастырылған іс- әрекетінің жоспары құрылды. Тақырыптық-перспективтік жоспар бекітілді және күн тәртібі, ата-аналармен жұмыс жоспары бекітілді.

Жыл бойы Біртұтас және Адал азамат жоспары бойынша балалармен әр түрлі іс-әрекеттер ұйымдастырылды.

Адаптивтік бағдарлама «Кішкентай зерттеуші» бағдарламасына негізделіп, Сарниязова.З.Х,Камысбаева.М.К.дайындаған адаптивтік бағдарламасы бойынша 36 сағатпен жұмыс жасады. Адаптивтік бағдарлама балалармен күннің екінші жартысында жүргізілді. Бағдарлама экология бағытына негізделіп, балаларды,тірі және өлі оның әр бөлігін,баланың экспериментке деген қызығушылығын қалыптастыру,зерттеу жұмыстарына жағдай жасалып, баланың жас ерекшеліктеріне орай әртүрлі ойын түрлері арқылы ұйымдастырылды.

Биылғы оқу жылында тобымызда көптеген тәрбие сағаттары, атап өтетін болсақ 30 тамыз Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған тәрбие сағаты сонымен бірге әр түрлі ойын түрінде өтті. 1 қыркүйек білім күніне арнап «Білім күні» атты топта тәрбиелік-түсіндірме сағаты өткізілді.

* Қазан айында Ұстазға мың алғыс атты видео челлендж өтті, балалар педагогтерге арналған тақпақтарын арнады.

*«Қарттар күніне» ата-әжелерге балалар құттықтап ведео бейнелері арқылы жылы лебіздерін білдірді, «Жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау»іс шара өткіздік.

*5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері күніне «Басқа тілдің бәрін біл-өз тілінді құрметте »тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.

*24.09.2025ж күні «Қош келдіңіздер» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың күн тәртібінде:

1.Ата-аналар комитетін сайлау;

2.Даярлық тобының балаларына кітаптарын айту;

3.Барлық балаларға оқу-құралдарын әкелу қажеттігі айтылды;

Ата-аналар жиналысының шешімі бойынша:

1) Кумарова.Гүлмайдан.

2. Танабаева. Гүлжайна ата-аналар комитеті болып сайланды.

*Қазан айында Ұстаздар күнінде Қазан айында Ұстазға мың алғыс атты видео челлендж өтті ,

*«Қарттар күніне» ата-әжелерге балалар құттықтап видео бейнелері арқылы жылы лебіздерін білдірді «Қош келдің алтын күз» атты тақырыпта алтын күз ертеңгілігін өтті.

Адал азамат тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Күз еңбек пен берекенің мезгілі» атты қол өнер жәрменкесі ата-аналардың қатысуымен өткізілді.

«Күз сыйы» атты көрме ұйымдастырылып, ата-аналардың қатысуымен өткізілді.

*25 Қазан Республика күніне орай «Құндылық-Тәуелсіздік және отаншылдық» апта «Менің-Қазақстаным» тақырыбында сурет байқауы , мерекелік іс-шара өткізілді

*15 қараша ұлттық валюта күніне орай топтағы ойын бұрыштарында «Дүкен» және «Банк қызметкері» сюжеттік рольді ойындар ұйымдастырылды Біртұтас, адал азамат бағдарламасы аясында Кітап-біздің досымыз, «Театр әлемінде», «Өрт қауіпсіздігі» Ұлттық құндылық тақырыбында ұлттық құндылық тақырыбында балалармен ойын түрінде іс-шаралар өткізілді.

2025-2026 оқу жылы қыркүйек айынан «Бөбек» балабақшасында «Жасыл балабақша» жобасымен тәрбиешілер балалармен балалармен бірге, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, балалармен бірге әр түрлі тәжірибелер жүргізді. Табиғат әлемімен таныстыру, баланың экспериментке деген қызығушылығын дамыту мақсатында:

1. Топырақпен және құмға зерттеу жасау және топырақ пен құмға бидай егіп, бақылады. Күнделікті су құйып өсуін бақылады. Бақылау барысында бидай тапырақта және құмда бірдей өсіп шықты. Жиырма күн зерттеуден кейін, құмдағы бидай қурап қалды, ал қара тапырақтағы бидай жақсы өскенін бақылады.

2. Сарымсақ отырғыздық, өсу жолдарымен таныстырып, тәжірибелер өтті,

3. Жуа отырғызып, жуаға су құйып күтім жасады. Жуа өскеннен кейін жуып, кесіп тамаққа қолданды.

3. Сумен тәжірибе. Суға тәжірибе жасадық.

Су сұйық, тұз салсақ ащы, қант салсақ тәтті болып дәмінің өзгеретінін бақылады. Сонымен бірге қатырсақ мұз болатынын бақылады.

*«Сыбаға» Ұлттық дәстүрлер фестиваль тұжырымдамасы іске асыру бойынша «Тағылым» күні іс-шара өтті.

* 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай мерекелік іс-шара өтті.

Сонымен бірге тәуелсіздік тақырыбында суреттер салып, жапсыру іс – әректін балалар қызығушылықпен орындады.

*Желтоқсан айында «Қауіпсіз қыс» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Балаларды балабақшаға әкелгенде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

2. Жаңа жыл мерекесіне орай балалардың дайындығы .

3.«Тұмаудан сақтанайық» тақырыбында балабақша мейірбикесі Асылжарова.В.Б.баяндама оқыды.

*«Қош келдің-жаңа жыл»атты мерекелік ертеңгілік өтті.Балалар Аяз-атаға арналған,ән айтып, би билеп,тақпақтарын айтты.

«Көгершін» тобында «Адал азамат бағдарламасы» аясында балалармен және ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлері үнемі жүргізіліп отырды. Ақпан айында «Өнегелі отбасы» аналар мен балалардың бірлескен отбасылық видео челленджі өтті.(Аналар мектебі)

Адал азамат жоспары «Заң мен тәртіп» идиологиясын ілгерлету балалар аясында «Бірыңғай өрт қауіпсіздік күні» республикалық акциясына қатысты. «Кезгелген бала анасын жанарынан таниды» тренд өткізідік (Аналар мектебі) Алғыс айту күніне арналған «Бәріне рахмет»челленджі, «Мейріммен толтырайық» атты іс-шара өтті

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні «Аяулы анашым» Мерекелік телеарна «Көктем ТВ» ата-аналардың қатысуымен ертеңгілігі өтті, Қазақ халқының салт-дәстүрін сақтау, оны балаларға дәріптеу мақсатында 14 наурыз көрісу күніне орай тәрбиешілер ата-аналарды көрісу күнімен құттықтап, балаларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Атамның ақ батасы» 15-наурыз-Қайырымдылық күніне орай тобымыздың ата-аналары және тәрбиеленушілері «Шын көңілден»акциясыны ат салысып бір отбасыға көмек көрсетті.

Наурыз айында наурызнама он күндігінде :Ұлттық ойын ұлттық қазынасы,ұлттық спорт күні,ханталапай,жаңару күні,мәдениет және ұлттық-салт дәстүр,ұлттық киім-халық мұрасы,шаңырақ күніне қазақ халқының ұлттық құндылықтары,салт-дәстүрмен танысты.

*22наурыз «Наурыз келді-көктем келді» ертеңгілігі өтті (Әжелер мектебі), «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне тобымыздың әжелеріне іс шара өтті «Бесікке салу», «Тұсау кесу» салт дәстүрлерін көрсетті, ұлттық ойындар ойнатылды.

1-сәуір «Құстар күні» «Құстар біздің досымыз» іс-шара өтті балалар құстардың суретін салып оны жи арқылы жандандырдық.

*«Заң мен тәртіп идиологиясы»жобасы Тәртіп пен ұқыптылық практикалық жұмыстар жүргізілді.

*Адал азамат бағдарламасы жоспарына сәйкес «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы өтті

* «Заң мен тәртіп» идиологиясын ілгерілету бойынша «Кішкентай тәртіп сақшылары» іс-шара,рөлдік ойындар өтті, сонымен қатар «Бірге ойнаймыз», «Тыңдаймыз және ойнаймыз»

«Ғарыш әлеміне саяхат» іс-шара өтті

1 Мамыр «Қазақстан халықтарының бірлігі »тақырыбында іс-шара өткізіліп, балалар түрлі ұлттың киімдерін киіп,өз өнерлерін көрсетті. «Ұлттық ойындар жарысы » тақырыбында

7 мамырға орай «Ақ көгершін» атты флешмоб, ойындар өтті.

*14 мамыр күні «Не білдік,не үйрендік?»қорытынды сабақ өтті ата-аналардың қатысуымен (аналар мектебі)

21 мамыр күні «Балабақшамен қоштасу» ертеңгілігі өтті.

*1 маусым балаларды қорғау күніне «Бар мейріміміз балаларға»атты іс-шара өтті.

Бір жыл көлемінде балабақша ауласына серуенге шығып, күз,қыс, көктем және жаз мезгілдерінде серуенде табиғат өзгерістерін бақылады

2025-2026 оқу жылының жетістігі:

Сарниязова.З.Х.

- ✓ «Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы» «Диплом II дәрежелі» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтері арасында өткен облыстық олимпиадада 2026 ж
- ✓ «Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы» Облыстық «Жасыл балабақша» жобасы аясында «Экологиялық тәрбиенің инновациялық әдістері мен нысандары» тақырыбында ұйымдастырылған семинарға қатысқаны үшін Сертификат Ақтөбе 2026

Балалардың жетістіктері:

- ✓ «Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірбиелік қосымша білім беру орталығы» «Үркер» зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Пони» Палитра байқауына «Көгершін» тобынан қатысқан 3 бала жүлделі орындармен марапатталды: I дәрежелі Диплом
- ✓ Талас Қасым, Талас Азиза, Кумарова Назым.
- 2) «Заң мен тәртіп» идиологиясы аясында мектеп жасына дейінгі ұйымдар арасында «Менің әкем-полиция қызметкері» Республикалық сурет көрмесінің аудандық кезеңінде қатысып, шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде Талас Қасым 2 дәрежелі ДИПЛОМ, Лысенко Артем 2 дәрежелі ДИПЛОМ

2025-2026 оқу жылының жетістігі:
Камысбаева.М.К.



«Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы» «Диплом II дәрежелі» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтері арасында өткен облыстық олимпиадада 2026 ж

- ✓ Алғыс хат Оқу ағарту министірлігінің 514 бұйрығына сәйкес «Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Абай оқулары» конкурсына шәкірт дайындап қатыстырғаны үшін.

«Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы» Облыстық «Жасыл балабақша» жобасы аясында «Экологиялық тәрбиенің инновациялық әдістері мен нысандары» тақырыбында ұйымдастырылған семинарға қатысқаны үшін Сертификат Ақтөбе 2026

- ✓ Ақтөбе облысының білім басқармасы, Қарғалы ауданының білім бөлімінен Алғыс хат Бадамша 2026 жыл

Балалардың жетістіктері:

- ✓ «Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірбиелік қосымша білім беру орталығы» «Үркер» зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Пони» Палитра байқауына «Көгершін» тобынан қатысқан 3 бала жүлделі орындармен марапатталды Советова Еркежан, Еласқан Әділхан, Жақсыбай Ибрахим Диплом-I
- ✓ Алғыс хат Оқу ағарту министірлігінің 514 бұйрығына сәйкес «Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Абай оқулары» конкурсына қатыстырғаны үшін. Бикмухаметова Айлин қатысты
- 1) «Заң мен тәртіп» идиологиясы аясында мектеп жасына дейінгі ұйымдар арасында «Менің әкем-полиция қызметкері» Республикалық сурет көрмесінің аудандық кезеңінде қатысып, шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде
- Бикмухаметова Айлин, Курманғалиев Төренұр, Молдашева Сая II дәрежелі дипломдар алды